

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша

### "Қаратау" ЖШС лауазымдарына үміткерлер мен қызметкерлер үшін ЖАДНАМА

Лауазымға кандидаттар (үміткерлер) болып табылатын тұлғалар:

- міндеттеріне тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындау кіретіндер;
- міндеттері сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдау болып табылатындар,
- дербес құрылымдық бөлімшелердің басшылары "Қаратау" ЖШС басшылығын "Қаратау" ЖШС-де жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы жазбаша түрде хабардар етуге **МІНДЕТТІ**<sup>1</sup>.

Тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдарға<sup>2</sup>, **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

- жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқаруға, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысты болуына.
- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға.
- берген адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер олардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе лауазымдық жағдайына байланысты олар осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға;
- өз атынан емес - бөгде адамдар атынан, жасырын, бүркеншік атпен және басқаша да азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға.

---

<sup>1</sup> жақын туыстар деп ата - аналар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп-жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі

<sup>2</sup>әкімшілік-шаруашылық қызметтер - Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілген ұйымның теңгеріміндегі мүлікті басқару және оған билік ету құқығы

ұйымдастырушылық-өкімдік қызметтер - қызмет бабында бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық

Тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар;

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті тұлғалар:

- мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу бойынша шаралар қабылдауға<sup>3</sup>;
- туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өздеріне белгілі болған сәтте тікелей басшыны не басшылықты жазбаша түрде хабардар етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтерді тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кіріс органына ұсынуға **МІНДЕТТІ**.

Тікелей басшы немесе "Қаратау" ЖШС басшылығы туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы ақпарат немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шараларды уақтылы қабылдауға міндетті.

"Қаратау" ЖШС парақорлықтың немесе сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрін үзілді-кесілді жоққа шығарады, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтайды.

"Қаратау" ЖШС барлық қызметкерлері:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері/сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық көріністері туралы дереу басшылыққа, омбудсменге және/немесе тәуекелдер және комплаенс жөніндегі офицерге хабарлауға;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыруға қатысуға;
- іскерлік этика нормаларын қабылдауға және сақтауға;
- сұрау салынған материалдарды уақтылы ұсыну немесе үй-жайларға/нысандарға кіру арқылы алдын-ала тексеру және/немесе қызметтік тергеу жүргізетін адамдарға көмек көрсетуге **МІНДЕТТІ**.

"Қаратау" ЖШС жұмыскерлердің орын алған немесе жоспарланған бұзушылықтар туралы хабарламаларына репрессивтік шаралар қабылдануына үзілді-кесілді жол бермейді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

---

<sup>3</sup> мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісті түрде орындамауына әкеп соғуы мүмкін